




Қоғамдық шаруашылық нысандары. Ақша

Дайындаған: Есеналина Камилла

A Bitcoin coin is visible on the left side of the image, partially obscured by the text. The background is a solid green color.

Өндірісті ұйымдастырудың 2 түрі бар

Натуралдық шаруашылық

- адамдар өнімді айырбасқа нарыққа шығаруға ұмтылмастан, тек өздерінің жеке бас қажеттіліктерін өтеу үшін өндірілетін шаруашылықты айтамыз.

Тауарлы шаруашылық

- Шаруашылық жүйесі жеке өндірушілер арқылы өнім өндіреді және қоғамдық тұтынуды қанағаттандыруға нарықта сату-сатып алу арқылы жүзеге асады.



Натуралды- Тауарлы

100%
Natural





Тауар — қоғамда айырбастау, сатып алу-сату жолымен бөлінетін, құны бар еңбек өнімі, яғни материалдық-заттық пішіндегі өндірістік-экономикалық қызметтің кез келген өнімі, қажеттілікті қанағаттандыратын және базарға жұрттың назарын аудару, сатып алу, пайдалану не тұтыну мақсатымен ұсынылатын нәрселер, яғни сатып алу-сату, сатушы мен сатып алушы арасындағы нарықтық қатынастар нысаны.

Тауардың қасиеттері

Тауарлы өндірісте шешуші категория тауар болып табылады. Оның мәнін әркім әр түрлі түсінеді. Маркстік теорияда тауар сатуға арналған, адамға пайдалы еңбек өнімі ретінде қарастырылады. Бұдан шығатыны:


- тауар тек адамның қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыратын зат болып табылады.
- тауар еңбек жұмсалған зат, мысалы ормандағы жидектер оларды теруші үшін тауар емес, бірақ оларды теруге еңбек жұмсалғаннан кейін тауар бола алады.
- тауар сатуға арналған



Тауар өндірісі – қоғамдық өндірістің белгілі бір ұйымы. Тауар өндірісінде адамдар арасындағы экономикалық қатынастар нарық арқылы, олардың еңбегінің өнімдерін сатып алу, сату арқылы көрініс табады. Ол еңбек өнімділігін арттырудың және өндіріс көлемін ұлғайтудың пәрменді тетігін жасайды. Тауар өндірісі мен оның тетігі – адамзат өркениетінің жалпыға ортақ мәнді жетістіктерінің бірі, қоғамдық-экономикалық формациялардың бірде-біреуі оны орағытып өте алмады. Тауар Өндірісінің өнімдерді тікелей айырбастау, тауар айналымы, тауар өндірісі сияқты қалыптасу сатылары бар.

Маркстің ҚҰН ТЕОРИЯСЫ


- Еңбек құн теориясына сәйкес тауарлардың қоғамдық құны еңбек көлемімен және оған жұмсалған жұмыс уақытымен анықталады. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты белгілі бір тауарды дайындауға кеткен өндіріс шаруашылықтарда және икемділік деңгейі мен интенсивті еңбек арқылы анықталады.
- Құн заңы бойынша өндіріс және тауар айырбасы қоғамдық қажетті еңбек шығыны негізінде жүзеге асады.





Ақша – жалпыға бірдей эквивалент құн рөлін атқаратын ерекше тауар.

- Қызметі:
- 1.Құн өлшемі ақша арқылы барлық тауарлар өз құнын белгілейді.
- 2.Айналым құралы . Тауарды сату-сатып алу кезіндегі ақша қызметі.
- 3.Төлем құралы.
- 4.Жинақтау құралы.
- 5.Әлемдік ақша



Ақша бес түрлі қызмет атқарады:құн өлшемі, айналыс құралы, қор және жинау құралы, дүниежүзілік ақша.

- Ақша пайда болғаннан бері бірнеше рет өзгеріске ұшырады, бірақ ішкі мағынасы өзгерген жоқ. Мынадай түрлері бар: метал ақша, қағаз ақша несие ақшалары. Ақша тауарлы өндіріске қызмет етеді, сондықтан ақшаның қызметінің нәтижесі және оның осы өндірістегі маңызы болады. Мемлекет өзінің кіріс шығысының бәрін ақшаға шағып, өзінің керегіне жарату үшін бюджетке тиісті түсімдер түіруі үшін ақша маңыздылығы мен қажеттілігі мол. Әрбір жанұя тұрмысына қажетті нәрселерін ақшаға шоғып, өзінің ақшалай табысымен байланыстырып, қандай бағамен затты сатып алу мүмкіндігін реттеп отырады. Халықаралық экономикалық қарым-қатынастар іске асыру үшін және экспорттың, импорттың опервцияларды жүзеге асыру үшін ақшаның пайдасы мол.





Ақшаның даму тарихы

Ақша ежелгі заманда пайда болды. Олар тауар өндірісінің дамуындағы бірден-бір шарт және өнім болып табылады. Экономикалық санат ретінде ақша натуралдық шаруашылықтан, тауарлы шаруашылыққа ауысу кезеңінде пайда болды. Натуралдық шаруашылық шығарылған өнімнің түгелімен өндірушінің жеке басының керегіне жаратылған кезең. Уақыт өте келе өндіріс құралдарының жетілуіне байланысты немесе табиғаттың өзі туғызған жағдайына байланысты (мысалы, бір жерде егін, басқа жерде мал өсіру пайдалы, ал үшінші жерде балық аулау пайдалы) адамдардың шығарған өнімдерінің саны олардың жеке басына керкгінен асуы басқа өнімге айырбас алу мүмкіншілігін тудырды. Осының нәтижесіде «айырбастау» деп аталатын процесс шықты. Айырбастау үшін өндірілген өнімнің «тауар» деп аталатын болған соң, натуралдық өндірістің орнына тауарлы өндіріс пайда болды. Тауар- бұл сату немесе айырбастау үшін жасалынған еңбек өнімі. Адам еңбегінің өнімі, оны өндірушілердің белгілі қоғамдық қатынастарын тудыра отырып, тауар формасын қабылдайды. Заттардың тауарға айналуы ақшаның пайда болуындағы объективті алғышарттарыды құрады. Әрбір тауар қажетті тұтыну құнын алу құралы бола отырып, өзінің өндірушісіне қатынасы бойынша айырбас құнын ретінде көрінеді. «Айырбас құн тауарлардың өзінен бөлініп шыққан және олармен бірге өз бетінше өмір сүретін, ол ақша».



- **Инфляциялық таргеттеу**- бұл ортамерзімді перспективада инфляцияның нысаналы көрсеткішін белгілеуге және қол жеткізуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі. Ақша-кредит саясатының мақсаттарын және басымдықтарын нақты белгілеу осы режимнің айрықша белгісі болып табылады, бұл халық пен нарықтың қолайлы күтулерін қалыптастыруға ықпал етеді және олардың орталық банкке деген сенімін арттырады.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

2700.0